Казталов ауданы
«Нұрхан» жеке кәсіпкерлігі
«Балбөбек» жеке бөбекжайы

# *Жалпы ата-аналар жиналыстарының хаттамалары*

Көктерек ауылы

Scanned with CamScanner

2023-2024 оқу жылы

Хаттама №1

Өткізілген күні: 21 қыркүйек 2023 жыл

Тақырыбы: „Жаңа оқу жылына арналған ақпараттың шолу парағы және бөбекжайдың презентациясы"

Қатысуға тиісті ата-ана саны: 66
Қатыспағандар: 14 ата-ана
Қатысқандар: 52 ата-ана, бөбекжай әкімшілігі, педагогтер

Күн тәртібі:

1. „Жаңа оқу жылына арналған ақпараттың шолу парағымен" таныстыру.
2. „Бөбекжайдың презентациясы" - бөбекжайдың қызметі, жұмыс бағыттары және оқу жылындағы мақсат-міндеттері.
3. Жалпы ата-аналар комитетін сайлау.
4. Ұйымдастыру мәселелері және ата-аналардың сұрақтарына жауап беру.

Тыңдалды:

…мәселе бойынша:
…іскер А.А. Кенжебаева ата-аналарды,

жаңа оқу жылына арналған ақпараттың шағу парағымен таныстырды. Онда оқу-тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, күн тәртібі, балалардың қауіпсіздігі, санитарлық-гигиеналық талаптар, ата-аналардың құқықтары мен міндеттері, бөбекжай мен отбасы ынтымақтастығы туралы мәліметтер берілді.

2-мәселе бойынша:
Бөбекжайдың презентация барысында бөбекжайдың материалдық-техникалық базасы, педагогикалық ұжым, оқу тәрбие үрдісі, үйірме жұмыстары, мерекелік іс-шаралар, балалардың жан-жақты дамуына арналған жағдайлар және алдағы оқу жылына қойылған міндеттер таныстырылды.

3-мәселе бойынша:
2023-2024 оқу жылына жалпы ата-аналар комитетіне төмендегілер ұсынылды:

1. Бахитов Тимур Жанұзақұлы
2. Қайратова Айнур Бектемировна
3. Мырзахметов Сағадат Тасжанович
4. Темірболатов Жұматай Нұржауұлы
5. Куспанова Камшат Бақтыгереевна

Scanned with CamScanner

4-мәселе бойынша:
Бөбекжай директоры А.А. Тасыгалиев ата-аналарға бөбекжайдың ішкі тәртіп ережелері, балаларды қабылдау және шығарып алу тәртібі, сабаққа қатысу, медициналық талаптар және ата-аналармен байланыс жасау жолдары түсіндірілді.
Ата-аналар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, қажетті жауаптар алды.

Қаулы етілді:

1. Жаңа оқу жылына арналған ақпараттың шау парағындағы мәліметтер ата-аналардың назарына алынсын.

2. Бөбекжайдың оқу-тәрбие жұмысына ата-аналардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.
3. Балалардың қауіпсіздігі мен тәртібіне қатысты бөбекжай талаптары сақталсын.
4. Ұсынылған ата-аналар комитеті бекітілсін.
5. Бөбекжай мен ата-аналар арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту жұмыстары түйелі,

Scanned with CamScanner

түрде жалғастырылсын.

Жиналыс төрағасы: Т.Тасуғамет

Хатшы: Н.Н. Алмангелды

ИП "[illegible]хан"

Хаттама № 2

Өткізілген күні: 27 ақпан 2024жыл

Тақырыбы: „Мектепке дейінгі тәрбиенің заманауи бағыттары"

Қатысуға тиісті ата-ана саны: 66

Қатысқандар: 49 ата-ана, бөбекжай жиімшілігі, педагогтар.

Күн тәртібі:

1. „Мектепке дейінгі тәрбиенің заманауи бағыттары" баяндама.
2. Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының ынтымақтастығын нығайту.
3. Ата-аналардың сұрақтары және ұсыныстары.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Бөбекжай әдіскері А. Жумагалиева мектепке дейінгі тәрбиенің заманауи бағыттары туралы баяндама жасады. Баяндамада баланың жан-жақты дамуына бағытталған білім беру, ойын арқылы оқыту, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерді дамыту, цифрлық білім беру ресурс-

Scanned with CamScanner

тарын тиімді пайдалану, инклюзивті білім беру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және қауіпсіз дамытушы орта қалыптастыру мәселелері қамтылды.

2-мәселе бойынша:

Топ тәрбиешілері ата-аналарға баланың тәрбиесі мен дамуына отбасының белсенді қатысуының маңыздылығын түсіндірді. Ата-аналар мен педагогтердің өзара ынтымақтастығын күшейту, бірлескен іс-шаралар өткізу, баланың жетістіктерін бірге бақылау және қолдау жолдары талқыланды.

3-мәселе бойынша:

Ата-аналар өз пікірлері мен ұсыныстарын білдіріп, балалардың тәрбиесі, оқу қызметін ұйымдастыру, қауіпсіздік шаралары және қосымша дамыту жұмыстары бойынша сұрақтар қойды. Барлық сұрақтарға тиісті жауаптар берілді.

Қаулы етеді:

1. Мектепке дейінгі тәрбиенің заманауи

бағыттарын оқу-тәрбие үдерісінде жүйелі түрде қолдану жалғастырылсын.

2. Ата-аналар мен педагогтердің өзара ынтымақтастығы нығайтылып, бірлескен іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылсын.

3. Балалардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау мақсатында ата-аналардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.

4. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау бағытындағы жұмыстар тұрақты бақылауда ұсталсын.

Жиналыс төрағасы: С.П. Мырзакметова

Хатшы: Н.Н. Аманкелді

Хаттама № 3

Өткізілген күні: 27 ақпан 2024 жыл

Тақырыбы: „Бала үніне құлақ асайық"

Қатысуға тиісті ата-ана саны: 66

Қатысқандар: 50 ата-ана, бөбекжай жиынтығы, педагогтер.

Күн тәртібі:

1. „Бала үніне құлақ асайық" тақырыбында іскерлік ойын.
2. Баланың пікірін тыңдау, оның қызығушылығы мен қажеттілік-терін ескерудің маңыздылығы.
3. Бөбекжай мен отбасы арасында-ғы өзара ынтымақтастық мәселе-лері және ата-аналардың ұсыныс-тары.

Тыңдалды:
1- мәселе бойынша:
Бөбекжай әдіскерінің у.м.а. А. А. Толеуғалиев „Бала үніне құлақ асайық" тақырыбындағы іскерлік ойын жүргізді. Ойын барысында баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуында оның

пікірін тыңдау, ойын еркін жеткізу-іне мүмкіндік беру, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеру маңызды екендігі айтылды. Мектепке дейінгі кезеңде баланың өзіндік ойлау қабілетін дамыту, сенімді қарым-қатынас орнату және қолайлы психологиялық орта қалыптастыру жолдары түсіндірілді.

2-мәселе бойынша:

Тәрбиеші Т.К. Жумагалиева ата-аналарға баланың үнін тыңдау арқылы оның эмоционалдық жағдайын түсіну, баланың бастамаларын қолдау және тәрбиелеу үдерісінде серіктестік орнату қажеттілігін түсіндірді. Баламен дұрыс қарым-қатынас жасау, оның сұрақтарына жауап беру, пікірін құрметтеу және өз ойын еркін айтуына жағдай жасау мәселелері талқыланды.

3-мәселе бойынша:

Ата-аналар бала тәрбиесіне қатысты өз ой-пікірлерін білдіріп, ұсыныстарын айтты. Балалардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілет-

Scanned with CamScanner

терін дамыту, үйде және бөбекжай-
да баланың пікірін ескеру бойынша
сұрақтар қойылып, оларға жауап-
тар берілді.

## Қаулы етеді:

1. „Бала үніне құлақ асайық" қағида-
сын күнделікті бала тәрбиесінде
басшылыққа алу жалғастырылсын.
2. Балалардың жеке ерекшелік-
терін, қызығушылықтары мен
қажеттіліктерін ескере отырып,
қолайлы дамытушы орта қалып-
тастырылсын.
3. Ата-аналар мен педагогтердің
бала тәрбиесіндегі өзара ынты-
мақтастығы нығайтылсын.
4. Баланың пікірін құрметтеу,
оның өзін еркін сезінуіне және
шығармашылық қабілеттерін
дамытуға жағдай жасау жұмыс-
тары жүйелі түрде жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы: С.П. Мырзахметова

Хатшы: Н. Аманкелді.

ИП "Нұркан"

Scanned with CamScanner

2024 - 2025 жылы

Хаттама №1

11 қазан 2024 жыл Көктерек ауылы

„Балбөбек" жеке бөбекжайында кезекті №1 жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді

Қатысуға тиісті: 43 ата-ана
Қатысқаны: 42 ата-ана
Өткізілу форматы: дөңгелек үстел

Тақырыбы: „Бөбекжай мен отбасы ынтымақтастығы - бала дамуының кепілі".

Күн тәртібі:

1. Бөбекжай мен отбасы ынтымақтастығының бала тәрбиесіндегі маңызы.
   Хабарламашы: бөбекжай әдіскерінің м.а. А.А. Төлеуханов

2. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастырудағы ата-ананың рөлі.
   Хабарламашы: тәрбиеші Т.Т. Қабдұлмұсова

3. Ата-аналарды 2024-2025 оқу жылының жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру, бірлесіп атқарылатын жұмыстарды талқылау.

4. Ата-аналар комитетін сайлау.

# Тыңдалды.

1-мәселе бойынша:

Бөбекжай әдіскерінің у.м.а А.А. Толеуғалиев ата-аналарға бөбекжай мен отбасы арасындағы өзара ынтымақтастықтың бала тәрбиесі мен дамуына тигізетін оң әсері туралы хабарлама жасады. Бала тәрбиесіндегі сабақтастық, өзара сенім, тұрақты байланыс және педагогтер мен ата-аналардың ортақ жауапкершілік жөнінде айтылды. Ата-аналарды бөбекжай өмірімен тығыз байланыста бірлесе жұмыстануға, бала тәрбиесіндегі барлық шараларға белсене қатысуға шақырды.

2-мәселе бойынша

Тәрбиеші П.П. Қобдықалықова баланың танымдық, шығармашылық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуына отбасының ықпалы туралы түсіндірді. Баланың дамуына отбасының ықпалы туралы түсіндірді. Баланың күн тәртібін сақтау, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, ойын арқылы дамыту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығы айтылды. Сондай-ақ ата-аналармен „Отбасындағы баланың бір күндік өмірі" тақырыбында қызықты

айын жаттығуын өздерді.

3-мәселе бойынша:
Ата-аналар 2024-2025 оқу жылының жылдық жұмыс жоспарымен таныстырылып, бірлесіп атқаратын жұмыстарды талқылауға ұсынылды.
Жыл бойы ата-аналармен атқарылатын жұмыстар бойынша талдау жасалып, Әкелер, Аналар, Әжелер мектептерінің жұмыстары туралы айтылды.

4-мәселе бойынша
Оқу жылына арналып жаңа ата-аналар комитетіне мүшелер ұсынылып, олардың атқаратын жұмыстары, негізгі міндеттері таныстырылды.
Ұсынылған мүшелер:
1. Жетпісова Үлдей Жетпісқызы
2. Темиргалиева Венера Тлегеновна
3. Гизатов Асылбек Нұрболатұлы
4. Шүкір Айгүл Әрсенғалиқызы
5. Сапиев Тұрлыхан Жанболатұлы
6. Тілекқабылова Аягөз Есқайырқызы
Жиналыс барысында ата-аналар балалардың тәрбиесі мен дамуына қатысты өз ойларын ортаға салып, сұрақтар қойды,



Scanned with CamScanner

пікірталас оздырылды.

Тәрбиешілер мен мамандар қойылған сұрақтарға толық жауап беріп, ата-аналардың ұсыныстарын назарға алынды. Алдағы уақытта бірлескен мерекелік, танымдық және тәрбиелік іс-шараларды тұрақты өткізу туралы келісім жасалды.

Жиналыс шешім етеді:

1. Бөбекжай мен отбасы арасындағы байланыс одан әрі нығайтылып, жүйелі жұмыстар жолға қойылсын.
2. Ата-аналардың оқу-тәрбие үдерісіне және бөбекжай ұйымдастыратын іс-шараларға белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.
3. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы тәрбиелік орта қалыптастыруда отбасы мен педагогтердің бірлескен жұмысы күшейтілсін.
4. Ата-аналармен кері байланыс тұрақты жүргізіліп, тәрбиелік мәселелер бойынша кеңестер мен кездесулер ұйымдастырылсын.
5. 2024-2025 оқу жылына арналған ата-аналар комитеті құрамы бекітілсін.

"Нұрхан"

Жиналыс төрағасы: А.А. Тлеуханиев

Хатшы: Г.Б. Муканганиева

Хаттама № 2.

26 желтоқсан 2024 жыл Көктерек ауылы

„Балбөбек" жеке бөбекжайында кезекті № 2 жалпы ата-аналар жиналысы өдкізілді

Қатысуға тиісті: 47 ата-ана

Қатысқаны: 39 ата-ана

Өткізілу форматы: пікірталас

Тақырыбы: „Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі"

Күн тәртібі:

1. „Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі"
2. Пікірталас: „Заман талабына сай қазіргі балалардың талабы және оған ата-аналардың көзқарасы".
3. Балаға үйдегі қажеттіліктер мен тыйымдар: балалардың мінез құлқын қалыптастыру, кітап оқуға қызығушылығын арттыру, экран уақытын шектеу, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және денсаулықты нығайту.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Бөбекжай тәрбиешісі Д.Т. Исмағулова ата-аналарға „Бала тәрбиесіндегі отбасының шешуші рөлі" туралы хабарлама жасады. Хабарламада отбасы-баланың алғашқы тәрбиелік ортасы екені, ата-ананың жеке үлгісі, сүйіспеншілігі мен қамқорлығы



Scanned with CamScanner

баланың тұлғалық, рухани және адамгерш-
қасиеттерінің қалыптасуына тікелей әсер
ететіні айтылды. Сонымен қатар баланың
жас ерекшеліктеріне сай тәрбие беру, қауіпсіз
орта қалыптастыру және отбасындағы
жағымды психологиялық ахуалдың маңызы
түсіндірілді.

2- мәселе бойынша:

„Заман талабына сай қазіргі балалар-
дың талабы және оған ата-аналардың
көзқарасы" тақырыбында пікірталас өткізілді.
Пікірталас барысында ата-аналар өз
ойларымен бөлісіп, талқылау жасады.

3. мәселе бойынша:

Ата-аналар балалардың мінез-құлқын
қалыптастыру, кітап оқуға қызығушылығын
арттыру, экран уақытын шектеу, ұлттық
құндылықтарды дәріптеу және денсаулықты
нығайту мәселелері талқыланды. Қойылған
сұрақтарға толық жауаптар берілді.

Жиналыс шешім етеді:

1. Отбасы мен бөбекжай арасындағы
ынтымақтастықты одан әрі нығайту
жұмыстары жалғастырылсын.
2. Ата-аналарға бала тәрбиесінде бірізді
талап қою және жағымды тәрбиелік

Scanned with CamScanner

орта қалыптастыру ұсынылсын.

3. Бөбекжай ұйымдастыратын тәрбиелік, мәдени және спорттық іс-шараларға ата-аналардың белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.

4. Балалардың жан-жақты дамуына бағытталған бірлескен жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы: А.А. Төлеуданова

Хатшы: Г.Б. Мұқанғалиева

ИП "Нұрхан"

Хаттама №3.

„Балбөбек" жеке бөбекжайында кезекті №3 жалпы ата-аналар жиналысы өздырылды

Қатысуға тиісті: 43 ата-ана

Қатысқаны: 41 ата-ана

Өткізілу форматы: SWOT талдау.

Тақырыбы: „Оқу жылының қорытындысы: жетістіктері мен алдағы жоспары"

Күн тәртібі:

1. 2024-2025 оқу жылының қорытындылары туралы есеп.

Хабарламашы: әдіскер А.Н. Жумагамова

2. Балалардың оқу-тәрбие үдерісіндегі жетістіктері.

Хабарламашы: тәрбиеші: Б.Б. Есетова

3. Келесі оқу жылына арналған негізгі міндеттер мен жоспарлар.

Бөбекжай директоры: А.А. Толеуганов

4. Ата-аналардың ұсыныстары мен сұраулары.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Бөбекжай әдіскерінің м.а. А. Жумагамова оқу жылының қорытындысы бойынша есеп берді. Есеп барысында оқу-тәрбие жұмысының орындалуы,

педагогтердің кәсіби жетістіктері, балалардың білім, білік және дағдыларының даму деңгейі, ұйымдастырылған іс-шаралар мен мерекелер, сондай-ақ бөбекжайдың материалдық-техникалық базасын жетілдіру бағытында атқарылған жұмыстар туралы ақпарат ұсынылды.

2-мәселе бойынша:

Тәрбиеші Б.Б. Есетова балалардың танымдық, шығармашылық, тілдік, әлеуметтік және дене дамуы бойынша қол жеткізген нәтижелерімен таныстырды. Байқаулар мен мерекелік іс-шараларда белсенділік танытқан тәрбиеленушілердің жетістіктері аталып өтті. Ата-аналарға оқу жылы бойындағы бірлескен жұмыстары үшін алғыс білдірілді.

3-мәселе бойынша

Бөбекжай директоры: А.А. Төлеуғалиев келесі оқу жылына арналған мақсат-міндеттерді таныстырып өтті. Білім беру сапасын арттыру, инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ұлттық құндылықтарды негіздеген тәрбие жұмысын жалғастыру және ата-аналармен серіктестікті одан әрі дамыту міндеттері белгіленді.



Scanned with CamScanner

4-мәселе бойынша:

Ата-аналар өз пікірлері мен ұсыныстарын білдіріп, бөбекжай жұмысына өз бағаларын берді. Балалардың жан-жақты дамуына бағытталған іс-шараларды көбейту, ата-аналарға арналған кеңестер мен кездесулерді тұрақты өткізу жөнінде ұсыныстар айтылды. Барлық сұрақтарға толық жауап берілді.

Жиналыс шешім етеді:

1. 2024-2025 оқу жылының қорытындысы „қанағаттанарлық" деп танылсын.
2. Балалардың жетістіктерін дамытуға бағытталған жұмыстар келесі оқу жылында жалғастырылсын.
3. Бөбекжай мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Келесі оқу жылына арналған мақсат-міндеттер нақтыланып, оның орындалуы тұрақты бақылауға алынсын.
5. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспары нақтыланып, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау назарға алынсын.

Жиналыс төрағасы: А.А. Тлеугалиев

Хатшы: Г.Б. Мукангалиева

2025-2026 оқу жылы

# Хаттама.

Өткізілген күні: 12 қыркүйек 2025 ж

„Нұрхан" жеке кәсіпкерлігі „Балбөбек" жеке бөбекжайында кезекті жалпы ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды.

Тақырыбы: „Баланы ерте дамытуда ата-ана мен педагог ынтымақтастығы.

Қатысуға тиісті – 50
Қатысқандар: 42 ата-ана, педагогтар, бөбекжай ұжымы.

Күн тәртібі:

1. Баланы ерте дамытудағы ата-ана мен педагогтың бірлескен жұмысының маңыздылығы
2. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастыру
3. 2025-2026 оқу жылының негізгі жоспарымен таныстыру.
4. Ата-аналар комитетін сайлау.

Тыңдалды:
Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Д. Кемалова „Баланың ерте жастағы дамуы оның болашақтағы білім алуы мен тұлғаның қалыптасуының негізі" тақырыбына баяндама жасады. Бөбекжай мен отбасының өзара тығыз ынтымақтастығы баланың танымдық, тілдік, әлеуметтік және шығармашылық қабілеттерінің дамуына оң әсер ететінін айтты.

Екінші мәселе бойынша ата-аналарға үй жағдайында баламен күнделікті әңгімелесу, бірге кітап оқу, дамытушы ойындар ұйымдастыру, баланың өздігінен әрекет етуіне мүмкіндік беру, күн тәртібін сақтау және қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар берілді, күн тәртібіне сай нұсқаулар ұсынылды.



Scanned with CamScanner

Үшінші мәселе бойынша ата-аналарды бөбекжайдың жұмыс жоспарымен таныстырып, ата-аналармен серіктестік бағытындағы шаралар мазмұны түсіндірілді. Жиналыс барысында ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, педагогтармен тұрақты байланыс, баланың жетістіктері мен қиындықтарын бірлесе талқылауға дайын екендерін айтты.

Төртінші мәселе жалпы ата-аналар комитетіне мүшелер ұсынылды:
1. Жанхалиева Айкан
2. Мендешов Бекайдар Нурбекұлы
3. Акжигенова Гулназ Канаткалиевна
4. Жумабаев Бауыржан Арыстанбекұлы
5. Кадырова Бекзада Қайырболатқызы

Жиналысты бөбекжай директоры А.Ж. Тлеугалиев қорытындылап, [illegible] бірлесе жұмыстың балалардың жан-жақты дамуына үлес қосуға шақыратындығын айтты.

Жиналыс қаулысы:

1. Баланың жан-жақты дамуы үшін ата-ана мен педагог арасындағы ынтымақтастықты жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Үйде баланың жас ерекшелігіне сәйкес дамытушы ойындар мен тапсырмаларды тұрақты ұйымдастыру ата-аналарға тапсырылсын.
3. Баланың жетістіктері мен даму ерекшеліктері бойынша ата-аналарға уақытылы ақпарат беріп отыру міндеттелсін.
4. Ата-аналардың бөбекжайда өткізілген іс-шараларға белсенді қатысуын қамтамасыз етілсін.
5. Ұсынылған ата-аналар комитеті бекітілсін. Баланың тәрбиесі мен дамуына қатысты туындаған мәселелерді педагогтармен бірлесіп шешу ата-аналар комитетіне тапсырылсын.

ИП

Жиналыс төрағасы: А.Ж. Жумалиева

Хатшы: М.А. Ержекенова

Хаттама №2
Өткізілген күні: 27 мамыр 2025 ж.

"Нұрхан" жеке кәсіпкерлігі "Балбөбек" жеке бөбекжайында кезекті жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді.

Тақырыбы: "Бала дамуының бір кезеңі: жетістіктер мен алдағы міндеттер".

Қатысуға тиісті – 50
Қатысқандар: 44 ата-ана, бөбекжай директоры, педагогтер.

Күн тәртібі:

1. "Бала дамуының бір кезеңі: жетістіктер мен алдағы міндеттер" тақырыбында 2025-жылғы оқу кезеңінің қорытынды есебі.

Әдіскер: А.Ж. Жұмағалиева

2. Келесі оқу жылына қойылатын міндеттер және ата-аналармен ынтымақтастықты нақтылау.

Ата-аналар комитетінің төрайымы:
А.К. Қадырова.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері баяндама жасап, 2024-2025 оқу жылы ішінде өткізілген жұмыстардың қорытындысын баяндады. Балалардың жан-жақты дамуына бағытталған оқу-тәрбие жұмыстарын, ұйымдастырылған іс-шаралар, педагогтердің кәсіби жетістіктері және білім беру бағдарламасының орындалу деңгейі туралы ақпарат берді. Сонымен қатар, ата-аналарға көрсеткен қолдауы мен белсенді ынтымақтастығы үшін алғыс білдірді.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші: А.А. Кенжебаева балалардың танымдық, тілдік, әлеуметтік-эмоционалдық, шығармашылық және дене шынығу



Scanned with CamScanner

бағытындағы нәтижелерін талқылады. Оқу жылы барысында өткізілген мерекелік іс-шаралар, шығармашылық байқаулар, жобалық жұмыстар, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері және тәрбиелік іс-шаралардың нәтижелері ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша ата-аналар комитетінің төрайымы А.К. Қадырова келесі оқу жылына арналған негізгі міндеттерді ұсынды: балалардың жеке қабілеттерін дамыту, қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету, ата-аналармен серіктестікті одан әрі нығайту, денсаулығын сақтау, қасиеттерін қалыптастыру және білім беру қызметінің сапасын арттыру бағыттары айтылды.

Жиналыс соңында бөбекжай директоры А.А. Таңсұлбаев қорытынды сөз сөйлеп, жазғы сауықтыру кезеңінің негізгі міндеттері талқыланды және ата-аналарға жазғы мезгілдегі қауіпсіздік пен балалардың денсаулығын қорғауды баса ескертті.

## Жиналыс шешімі

1. 2025-2026 оқу жылының қорытындысы „қанағаттанарлық" деп танылсын.

2. Балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында педагогтар мен ата-аналардың бірлескен жұмысы жалғастырылсын.

3. 2026-2027 оқу жылында балалардың танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

4. Ата-аналарға бала тәрбиесі мен дамуына қатысты әдістемелік ұсыныстар мен кеңестер тұрақты түрде беріліп отырсын.

5. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау ата-аналар комитетіне жүктелсін.

ИП «Нұрхан»

Жиналыс төрайымы: А.К. Қадырова

Хатшысы: М.А. Бердекова